



«Қ.Құлажанов атындағы Қазақ технология және бизнес университеті» АҚ	
САПА МЕНЕДЖМЕНТІ ЖҮЙЕСІ	
Іс-қимыл тәртібі туралы ереже	
Магистрлік диссертация/ жоба туралы ереже	МС ISO 9000:2015 МС ISO 9001:2016 МС ISO 37001:2016
ҚазТБУ-БББ-ІҚТТЕ-8.5/8.6-2025-49	Енгізілген күні: «18» маусым 2025 ж.



БЕКІТЕМІН
Ректор
Л.К. Байболова
«18» маусым 2025 ж.

Іс-қимыл тәртібі туралы ереже
САПА МЕНЕДЖМЕНТІ ЖҮЙЕСІ
МАГИСТРЛІК ДИССЕРТАЦИЯ/ ЖОБА ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ
ҚазТБУ-БББ-ІҚТТЕ-8.5/8.6-2025-49

КЕЛІСІЛДІ
АСЖ проректор
Э.Б. Аскарбеков
«18» маусым 2025 ж.

Астана, 2025

Нұсқа:	БД:	Тіркеу №	«Google диск»
--------	-----	----------	---------------

АЛҒЫ СӨЗ

Осы Ереже «Қ. Құлажанов атындағы ҚазУТБ» АҚ білім беру бағдарламалары басқармасы және ЖОО-дан кейінгі білім беру бөлімімен әзірленді.

Осы Ереже ректордың титулдық беттегі жеке қолымен бекітіледі.

Осы Ереже Сапа менеджменті жүйесіне (СМЖ) байланысты қызметіне қатысты «Қ. Құлажанов атындағы ҚазУТБ» АҚ барлық құрылымдық бөлімшелері үшін міндетті болып табылады.

Осы Ережеге кезеңдік тексеру ЖОО-дан кейінгі білім беру бөлімінің жетекшісімен 3 жылдан аспайтын мерзімде жүргізіледі.

Осы Ережеге енгізілетін өзгерістер «Қ.Құлажанов атындағы ҚазТБУ» АҚ қызметінде оны қолдану нәтижелері бойынша әзірленеді.

Құжаттаманы басқару процесінің жекелеген кезеңдерін орындау жөніндегі қызметті ұйымдастыру және үйлестіру жауапкершілігі ЖОО-дан кейінгі білім беру бөлімінің жетекшісіне жүктеледі.

21-09.140-2022 «Магистрлік диссертация (жоба) туралы ереже», 2024 жылғы 28 маусымдағы № 4 редакция күші жойылды деп есептелсін.

МАЗМҰНЫ

Алғы сөз.....	2
1. Құжаттың атауы.....	4
2. Әзірлеуші.....	4
3. Құжатты әзірлеудің мақсаты.....	4
4. Нормативтік сілтемелер.....	4
5. Терминдер мен анықтамалар.....	4
6. Пайдаланылатын қысқартулар.....	6
7. Жалпы ережелер.....	6
8. Магистрлік диссертацияның құрылымдық элементтеріне қойылатын талаптар.....	8
9. Магистрлік жобаның құрылымдық элементтеріне қойылатын талаптар.....	9
10. Магистрлік диссертацияны рәсімдеуге қойылатын талаптар.....	10
11. Магистрлік диссертацияны қорғауға ұсыну тәртібі.....	14
12. Магистрлік диссертацияны қорғау рәсімі.....	14
13. Процеспен байланысты тәуекелдер және оларды болдырмау шаралары.....	15
14. Жауапкершілік және өкілеттіктер.....	16
Қосымша А Магистранттың жеке жұмыс жоспары.....	17
Қосымша Б Диссертация/жобаның титулдық бетін рәсімдеу.....	24
Қосымша В Диссертация/жобаның құрылымы және беттерді нөмірлеу.....	25
Қосымша Г Қолданылған әдебиеттер тізімі.....	30
Қосымша Д Суретті рәсімдеу үлгісі.....	31
Қосымша Ж Кестені рәсімдеу үлгісі.....	32
Қосымша И Магистрлік диссертацияны / жобаны тәуелсіз орындау туралы өтініш формасы.....	33
Қосымша К Ғылыми еңбектер тізімін рәсімдеу үлгісі.....	34
Қосымша Л Магистрлік диссертация/жобаға пікір нысаны.....	35
Қосымша М Магистрлік диссертация/жобаға рецензия нысаны.....	36
Келісу парағы.....	37
Танысу парағы.....	37
Өзгерістерді тіркеу парағы.....	38
Мерзімдік тексеру есебі парағы.....	38

1. ҚҰЖАТТЫҢ АТАУЫ

1.1 Магистрлік диссертация/ жоба туралы ереже ҚазТБУ-БББ-ІҚТТЕ-8.5/8.6-2025-49

2. ӘЗІРЛЕУШІ

2.1 Білім беру бағдарламалары басқармасы және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бөлімі

3. ҚҰЖАТТЫ ӘЗІРЛЕУДІҢ МАҚСАТЫ

3.1 Осы Ереже барлық білім беру бағдарламалары бойынша магистрлік диссертациялардың/жобалардың құрылымына, оларды рәсімдеу ережелеріне және қорғау рәсімін ұйымдастыруға қойылатын жалпы талаптарды белгілейді. Ереже магистранттарға, магистранттардың ғылыми жетекшілеріне, «К. Құлажанов атындағы Қазақ технология және бизнес университеті» АҚ (бұдан әрі – Университет) кафедра меңгерушілеріне арналған.

3.2 Ереже факультеттердің білім беру бағдарламалары комитеттерімен, оқу-әдістемелік бөліммен және кафедралармен пайдалануға арналған.

4. НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

4.1 Осы лауазымдық нұсқаулықта келесі Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілеріне сілтемелер жасалған:

4.2 ҚР Бюджет кодексі № 171-VIII, 15.03.2025 ж.

4.3 ҚР Азаматтық кодексі № 268-XIII, 27.12.1994 ж. (09.04.2025 ж. өзгерістерімен)

4.4 ҚР Еңбек кодексі № 414-V, 23.11.2015 ж. (19.05.2025 ж. өзгерістерімен)

4.5 ҚР «Білім туралы» Заңы № 319-III, 27.07.2007 ж. (15.04.2025 ж. өзгерістерімен)

4.6 ҚР «Ғылым және технологиялық саясат туралы» Заңы № 103-VIII ЗРК, 01.07.2024 ж. (19.05.2025 ж. өзгерістерімен)

4.7 ҚР «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңы № 410-V, 18.11.2015ж.

4.8 ҚР Заңы «ЖОО-лардың академиялық және басқарушылық дербестігін кеңейту туралы» № 171-VI, 04.07.2018 ж.

4.9 Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты № 2, 20.07.2022 ж. (22.04.2025 ж. өзгерістерімен)

4.10 Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім бағыттары бойынша кадрлар даярлау бағыттарының классификаторы № 569, 13.10.2018 ж. (21.07.2023 ж. өзгерістерімен)

4.11 Экстернат және онлайн оқыту нысанында оқытуға жол берілмейтін бағыттар тізбесі № 530, 02.10.2018 ж. (13.09.2022 ж. өзгерістерімен)

4.12 Кредиттік технология бойынша оқу үдерісін ұйымдастыру қағидалары № 152, 27.05.2011 ж. (26.03.2025 ж. өзгерістерімен)

4.13 Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының үлгілік ережелері № 595, 30.10.2018 ж. (24.06.2024 ж. өзгерістерімен)

5. ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР

Термин	Анықтама
ЖОО компоненті	- жоғары оқу орнының өз бетінше айқындайтын, білім беру бағдарламасын игеру үшін қажетті оқу пәндерінің және оларға сәйкес академиялық кредиттердің ең төменгі көлемінің тізбесі;
Магистранттың жеке жұмыс жоспары	- білім беру бағдарламасы негізінде, ғылыми жетекшінің басшылығымен, магистранттың оқу мерзімінің толық кезеңіне арналған өз бетінше жасалатын жұмыс жоспары;

Жеке оқу жоспары	- білім беру бағдарламасы мен элективті пәндер каталогы негізінде эдвайзердің көмегімен магистранттың әр оқу жылына арналған және магистранттың жеке жұмыс жоспарының бір бөлігі болып табылатын, өз бетінше қалыптастырылатын оқу жоспары;
Құзыреттер	- оқу процесінде алған білімді, білікті және дағдыларды кәсіби қызметте тәжірибелік тұрғыдан қолдана алу қабілеті;
Таңдау компоненті	- жоғары оқу орны ұсынатын, студенттер пререквизиттері мен постреквизиттерін ескере отырып кез келген академиялық кезеңде өз бетінше таңдайтын оқу пәндерінің және оларға сәйкес академиялық кредиттердің ең төменгі көлемінің тізбесі;
Кредиттік оқыту технологиясы	- академиялық кредиттер жинақтай отырып, білім алушының оқу пәндері мен (немесе) модульдерді оқу ретін таңдауы мен өз бетінше жоспарлауына негізделген оқыту;
Магистр	- магистратураның білім беру бағдарламаларын игерген тұлғаларға берілетін академиялық дәреже;
Магистрант	- магистратурада білім алып жатқан тұлға;
Магистратура	- кемінде 60–120 академиялық кредитті міндетті түрде игере отырып, тиісті білім беру бағдарламасы бойынша «магистр» дәрежесін берумен кадрларды даярлауға бағытталған жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру деңгейі;
Магистрлік диссертация	- ғылыми-педагогикалық магистратура магистрантының, қазіргі заманғы ғылыми-техникалық жетістіктерге негізделген, таңдап алынған білім беру бағдарламасының өзекті мәселесі бойынша теориялық және/немесе практикалық әзірлемелерді қамтитын, дербес ғылыми зерттеу түрінде орындалған бітіру жұмысы;
Магистрлік жоба	- бейіндік магистратура магистрантының, таңдап алынған білім беру бағдарламасының өзекті мәселесін шешуге мүмкіндік беретін, теориялық және/немесе тәжірибелік нәтижелерді қамтитын дербес зерттеу түрінде орындалған бітіру жұмысы;
Ғылыми-зерттеу жұмысы	- бар білімді кеңейту, жаңа білім алу, ғылыми гипотезаларды тексеру, табиғат пен қоғам дамуының заңдылықтарын анықтау, ғылыми қорыту, жобаларды ғылыми негіздеу мақсатында ғылыми ізденістерді, зерттеулерді, эксперименттерді жүргізумен байланысты жұмыс. Ғылыми-зерттеу жұмысына ғылым мен практиканың заманауи жетістіктеріне негізделген магистрлік жұмыстың негізгі бөлімдері мен тарауларын орындау кіреді;
Білім беру бағдарламасы	- білімнің негізгі сипаттамаларын қамтитын, оқытудың мақсаты, нәтижелері мен мазмұнын, білім беру процесін ұйымдастыруды, оны іске асыру әдістері мен тәсілдерін, оқыту нәтижелерін бағалау өлшемшарттарын біріктіретін біртұтас кешен;
Постреквизиттер (Postrequisite)	- осы пәнді және (немесе) модульді оқу аяқталғаннан кейін алынатын білім, білік, дағдылар мен құзыреттер талап етілетін пәндер мен (немесе) модульдер және басқа оқу жұмыстарының түрлері;
Пререквизиттер (Prerequisite)	- оқылатын пәнді және (немесе) модульді меңгеру үшін қажетті білім, білік, дағдылар мен құзыреттерді қамтитын пәндер мен (немесе) модульдер және басқа оқу жұмыстарының түрлері;

Элективті пәндер	- жоғары оқу орны енгізетін, студенттің жеке даярлығын көрсететін, әлеуметтік-экономикалық дамудың және белгілі бір өңірдің қажеттіліктерін, қалыптасқан ғылыми мектептерді ескеретін, белгіленген академиялық кредиттер шеңберіндегі вуздық компонент пен таңдау компонентіне кіретін оқу пәндері;
Эксперименттік-зерттеу жұмысы	- магистрлік диссертацияның әдістемелік және практикалық аспектілерін орындауды, экономикалық-математикалық әдістерді қолдануды, сондай-ақ әлеуметтік зерттеулер, эксперимент, бақылау және т.б. нақты ғылыми-зерттеу әдістерін пайдалануды қамтитын жұмыс.

6. ПАЙДАЛАНЫЛАТЫН ҚЫСҚАРТУЛАР

Қысқартылған атауы	Толық атауы
АК	Аттестациялық комиссия
ЖООК	Жоғары оқу орнының компоненті
ЖОО	Жоғары оқу орны
МЖМБС	Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары
МЖЖЖ	Магистранттың жеке жұмыс жоспары
ЖОЖ	Жеке оқу жоспары
НҚ	Негізгі құзыреттер
ЭПК	Элективті пәндер каталогы
ҚР ҒЖБМ	Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі
МҒЗЖ	Магистранттың ғылыми-зерттеу жұмысы
ҒТК	Ғылыми-техникалық кеңес
МК	Міндетті компонент
ЖООКБ	Жоғары оқу орнынан кейінгі білім бөлімі
СҚЕЖАБ	Сапаны қамтамасыз ету және аккредитация басқармасы
БББ	Білім беру бағдарламасы
ПОҚ	Профессорлық-оқытушылық құрам
СМББӨ	Сапа мәселелері бойынша басшы өкілі
СМЖ	Сапа менеджменті жүйесі
МӨЖ	Магистранттың өздік жұмысы
ҒК	Ғылыми кеңес
Университет	«Қ.Қулажанов атындағы Қазақ технология және бизнес университеті» АҚ
ОӘК	Оқу-әдістемелік кеңес
МЭЗЖ	Магистранттың эксперименталды-зерттеу жұмысы

7. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

7.1 Диссертация/жоба магистранттар тарапынан тиісті бағыт пен білім беру бағдарламасы бойынша «ғылым магистрі» академиялық дәрежесін алу үшін орындалады және нақты бағыттағы біліктілік ғылыми жұмыс болып табылуға тиіс. Ол түлектің ғылыми қызметкер ретіндегі кемелдігін, ғылыми мәселелерді шығармашылық тұрғыдан тұжырымдап, тиісті білім саласында шеше алу қабілетін көрсетуі қажет.

Магистрлік жоба бейіндік бағыттағы магистранттар тарапынан «магистр» академиялық дәрежесін алу үшін орындалады және ол түлектің өз бетінше ақпараттық-талдамалық және эксперименттік жұмыстар жүргізіп, тиісті білім саласындағы өзекті қолданбалы міндеттерді шеше алу қабілетін айғақтайтын біліктілік жұмысы болуы тиіс.

7.2 Магистрлік диссертация/жоба магистранттың ғылыми жетекшінің басшылығымен дербес дайындалуы тиіс.

Ғылыми жетекшілікті келесі талаптарға сәйкес оқытушы жүзеге асырады: ғылыми дәрежесі және (немесе) PhD философия докторы/бейін бойынша доктор академиялық дәрежесі бар; кадрларды даярлау бағытына сәйкес ғылыми-педагогикалық жұмыс өтілі кемінде 3 (үш) жыл; уәкілетті орган бекіткен ғылыми қызметтің негізгі нәтижелерін жариялау үшін ұсынылатын ғылыми басылымдар тізбесіне енгізілген басылымдарда соңғы 5 (бес) жылда кемінде 5 (бес) ғылыми мақаланың және JCR (ЖСР) деректері бойынша импакт-факторы бар немесе Web of Science Core Collection базасына енетін Science Citation Index Expanded, Social Science Citation Index немесе Arts and Humanities Citation Index базаларының бірінде индекстелген, не Scopus (Скопус) деректер базасында CiteScore көрсеткіші кемінде 25 пайыздық перцентильге тең болатын халықаралық рецензияланатын ғылыми журналда соңғы 5 (бес) жылда кемінде 1 (бір) ғылыми мақаланың авторы болуы қажет.

«Қызмет көрсету саласы», «Ақпараттық және коммуникациялық технологиялар», «Өнер», «Журналистика және ақпарат» бағыттары бойынша ғылыми-зерттеу жұмысына (жобаларына) жетекшілік осы бейінге сәйкес келетін кафедра оқытушылары немесе соңғы 10 (он) жылда кемінде 5 (бес) жылдық тәжірибесі бар практикалық мамандар тарапынан жүзеге асырылуы мүмкін.

7.3 Магистрлік диссертация/жобаның ғылыми жетекшісі:

7.3.1 магистрлік диссертацияны орындауға тапсырма береді;

7.3.2 магистрантқа оқу мерзімі бойына жеке жұмыс жоспарын әзірлеуде көмек көрсетеді;

7.3.3 магистрантқа қажетті негізгі әдебиеттерді, анықтамалық және мұрағаттық материалдарды, үлгі жобаларды және өзге де дереккөздерді ұсынады;

7.3.4 ғылыми-зерттеу/эксперименттік-зерттеу жұмысы шеңберінде магистрантпен ғылыми тақырыпты зерттеу және магистрлік диссертация/жобаны жазу бойынша әртүрлі жұмыс түрлерін атқарып, магистранттың жеке жұмыс жоспарын орындауын жүйелі бақылауды жүзеге асырады;

7.3.5 магистрлік диссертация/жобаның барлық бөлімдерінің көлемін айқындап, магистранттың жұмысын үйлестіреді.

7.4 Магистрлік диссертация заманауи теориялық, әдістемелік және технологиялық ғылыми жетістіктерге негізделіп, қазіргі ғылыми зерттеу әдістерін пайдалану арқылы орындалуы тиіс. Ол негізгі қорғалатын тұжырымдар бойынша ғылыми-зерттеу (әдістемелік, практикалық) бөлімдерін қамтып, халықаралық озық тәжірибеге сүйенуі, сондай-ақ нақты практикалық ұсыныстарды қамтуы қажет.

Магистрлік жоба білім беру бағдарламасының негізгі проблематикасына сәйкес келіп, ғылым, техника және өндірістің заманауи жетістіктеріне негізделуі, практикалық ұсыныстар, басқарушылық шешімдер, эксперименттік-зерттеу (әдістемелік, практикалық) бөлімдерін қамтуы, сондай-ақ озық ақпараттық технологияларды қолдану арқылы орындалуы тиіс.

Магистрлік жобаға тән негізгі зерттеу әдістері: салыстыру, өлшеу, эксперимент, талдау, синтез, модельдеу, болжау және т.б.

7.5 Магистрлік диссертациялар/жобалар тақырыптары университеттің бітіруші кафедралары тарапынан әзірленеді және жыл сайын кемінде 30% жаңартылуы тиіс, сондай-ақ университеттің Ғылыми кеңесінде қаралып, бекітіледі. Тақырыптар білім беру бағдарламасының бейініне сәйкес келіп, ғылым мен техниканың қазіргі талаптарына жауап беруі қажет.

7.6 Магистрлік диссертация/жоба тақырыбын бекіту үшін магистрант бітіруші кафедраға өтініш береді, онда таңдаған тақырыптың нөмірі мен атауын, сондай-ақ болжамды ғылыми жетекшінің кандидатурасын көрсетіп, кафедра меңгерушісімен және ғылыми жетекшімен келіседі.

7.7 Магистратураға қабылданғаннан кейін 2 (екі) ай ішінде әр магистрантқа арналған диссертация/жоба тақырыбы және ғылыми жетекші университеттің Ғылыми кеңесінің шешімімен бекітіліп, университет ректорының бұйрығымен рәсімделеді. Диссертация тақырыбы ғылым үшін өзекті болып, ғылым мен техниканың қазіргі жағдайына сәйкес келуі және, әдетте, кафедра мен университеттің ғылыми-зерттеу жұмыстарының жоспарларымен байланысты болуы тиіс.

7.8 Магистрлік диссертация/жобаның негізгі нәтижелері кемінде бір жарияланымда және (немесе) бір ғылыми-практикалық конференциядағы баяндамада көрініс табуы қажет.

7.9 Магистрлік диссертация/жоба міндетті түрде плагиатқа тексерілуі тиіс.

8. МАГИСТРЛІК ДИССЕРТАЦИЯНЫҢ ҚҰРЫЛЫМДЫҚ ЭЛЕМЕНТТЕРІНЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

8.1 Магистрлік диссертацияның құрылымдық элементтері мыналарды қамтиды:

8.1.1 мұқаба (нөмірленбейді);

8.1.2 титулдық бет;

8.1.3 мазмұны;

8.1.4 нормативтік сілтемелер;

8.1.5 анықтамалар, белгілер мен қысқартулар;

8.1.6 кіріспе;

8.1.7 негізгі бөлім;

8.1.8 қорытынды;

8.1.9 пайдаланылған дереккөздер тізімі;

8.1.10 қосымшалар.

8.2 Титулдық бет магистрлік диссертацияның бірінші беті болып табылады және құжатты өңдеуге әрі іздеуге қажетті ақпарат көзі болып саналады. Титулдық бет диссертация беттерінің жалпы нөмірлеуіне енгізіледі, бірақ бет нөмірі қойылмайды.

8.3 Магистрлік диссертацияның мазмұны кіріспені, барлық тараулардың, тараушалардың, тармақтардың (атауы болған жағдайда) реттік нөмірлері мен атауларын, қорытындыны, пайдаланылған дереккөздер тізімін және қосымшаларды, сондай-ақ осы элементтердің басталатын беттерін қамтиды.

8.4 Магистрлік диссертацияның мазмұны жаңа факторларды, құбылыстарды, заңдылықтарды сипаттайтын немесе бұрын белгілі ережелерді жаңа ғылыми тұрғыдан, басқа қырынан қорытып беретін түбегейлі жаңа материалдан тұруы тиіс. Диссертация мазмұны ғылыми зерттеудің бастапқы алғышарттарын, оның барысын және алынған нәтижелерін бейнелеуі қажет. Диссертация рәсімделген кезде аталған тармақтар «Кіріспе» бөлімінде мазмұнды түрде көрсетілуі тиіс.

8.5 «Нормативтік сілтемелер» құрылымдық элементі диссертация мәтінінде сілтеме жасалған стандарттар тізбесін қамтиды. Сілтемелер тізімі мына сөздерден басталады: «Осы магистрлік диссертацияда келесі стандарттарға сілтемелер пайдаланылды...». Тізімге стандарттардың белгілері мен атаулары олардың тіркеу нөмірлерінің өсу ретімен енгізіледі.

8.6 «Анықтамалар» құрылымдық элементі диссертацияда қолданылатын терминдерді нақтылау немесе белгілеу үшін қажетті анықтамаларды қамтиды. Анықтамалар тізімі мына сөздерден басталады: «Осы магистрлік диссертацияда мынадай терминдер сәйкес анықтамаларымен қолданылады...».

8.7 «Белгілер мен қысқартулар» құрылымдық элементі диссертацияда қолданылатын белгілер мен қысқартулардың тізбесін қамтиды. Белгілер мен қысқартулар диссертация мәтінінде келтірілу ретімен, қажетті түсіндірмелермен және ашып көрсетумен жазылады. «Анықтамалар, белгілер мен қысқартулар» құрылымдық элементін біріктіріп беруге жол беріледі.

8.8 Кіріспеде тақырыптың өзектілігі мен жаңашылдығы, жұмыстың басқа ғылыми-зерттеу еңбектерімен байланысы көрсетілуі тиіс, сондай-ақ зерттеу мақсаты, объектісі мен пәні, міндеттері, олардың ғылыми-зерттеу жұмысын орындаудағы орны, әдіснамалық негізі, қорғауға шығарылатын ережелер келтірілуі тиіс.

8.9 Диссертацияның негізгі бөлімінде орындалған жұмыстың мазмұнын, әдістемесін және негізгі нәтижелерін бейнелейтін деректер беріледі.

8.10 Негізгі бөлім мынадай тармақтарды қамтуы тиіс:

8.10.1 зерттеу бағытын таңдау және оның негіздемесі, міндеттерді шешу әдістері және олардың салыстырмалы бағасы, жұмысты орындаудың жалпы әдістемесін сипаттау;

8.10.2 теориялық және (немесе) эксперименттік зерттеу процесі, оның ішінде теориялық зерттеулердің сипатын және мазмұнын анықтау, зерттеу әдістері, есептеу әдістері, эксперименттік жұмыстарды жүргізудің қажеттілігін негіздеу, әзірленген нысандардың жұмыс істеу қағидаттары, олардың сипаттамалары;

8.10.3 зерттеу нәтижелерін қорыту және бағалау, жұмыстың одан арғы бағыттары бойынша ұсыныстар, алынған нәтижелердің шынайылығын бағалау және оларды отандық және шетелдік жұмыстардың нәтижелерімен салыстыру;

8.10.4 әр тарауға, бөлімге қысқаша қорытындылар.

8.11 Қорытындыда мыналар қамтылуы тиіс:

8.11.1 диссертациялық зерттеу нәтижелері бойынша қысқаша қорытындылар;

8.11.2 қойылған міндеттердің шешілу толықтығына баға беру;

8.11.3 нәтижелерді нақты пайдалануға арналған ұсынымдар әзірлеу;

8.11.4 орындалған жұмыстың техника-экономикалық деңгейіне осы саладағы үздік жетістіктермен салыстырмалы баға беру.

8.12 Пайдаланылған дереккөздер тізімі магистрлік диссертацияны жазу барысында қолданылған дереккөздер туралы мәліметтерді қамтуы тиіс.

8.12.1 «Өнер және гуманитарлық ғылымдар», «Бизнес, басқару және құқық», «Қызмет көрсету» бағыттары бойынша пайдаланылған дереккөздер саны 30–35 әдебиеттен аспауы тиіс.

8.12.2 «Жаратылыстану ғылымдары, математика және статистика», «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар», «Инженерлік, өңдеу және құрылыс салалары», «Ауыл шаруашылығы және биоресурстар» бағыттары бойынша пайдаланылған дереккөздер саны 30–40 әдебиеттен аспауы тиіс.

8.13 Қосымшаларға диссертациялық жұмысты орындауға байланысты, бірақ негізгі бөлімге енгізуге мүмкіндігі жоқ материалдарды қосуға ұсынылады.

9. МАГИСТРЛІК ЖОБАНЫҢ ҚҰРЫЛЫМДЫҚ ЭЛЕМЕНТТЕРІНЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

9.1 Магистрлік жобаның құрылымдық элементтері мыналарды қамтиды:

9.1.1 мұқаба (нөмірленбейді);

9.1.2 титулдық бет;

9.1.3 мазмұны;

9.1.4 нормативтік сілтемелер;

9.1.5 анықтамалар, белгілер мен қысқартулар;

9.1.6 кіріспе;

9.1.7 негізгі бөлім;

9.1.8 қорытынды;

9.1.9 пайдаланылған дереккөздер тізімі.

9.2 Титулдық бет магистрлік жобаның бірінші беті болып табылады және құжатты өңдеуге әрі іздеуге қажетті ақпарат көзі болып саналады. Титулдық бет жұмыс беттерінің жалпы нөмірлеуіне енгізіледі, бірақ бет нөмірі қойылмайды.

9.3 Магистрлік жобаның мазмұны кіріспені, барлық тараулардың, тараушалардың, тармақтардың (атауы болған жағдайда) реттік нөмірлері мен атауларын, қорытындыны,

пайдаланылған дереккөздер тізімін және қосымшаларды, сондай-ақ осы элементтердің басталатын беттерін қамтиды.

9.4 Магистрлік жобаның мазмұны мына талаптарға сәйкес болуы тиіс:

9.4.1 зерттеу тақырыбының өзектілігі;

9.4.2 қорғалатын ережелердің тәжірибелік-зерттеу негізінің болуы;

9.4.3 қолданбалы міндетті шешуге мүмкіндік беретін нақты практикалық ұсынымдар мен әзірлемелердің болуы.

Жұмысты рәсімдеу кезінде аталған тармақтар «Кіріспе» бөлімінде мазмұнды түрде көрсетілуі тиіс.

9.5 «Нормативтік сілтемелер» құрылымдық элементі жұмыстың мәтінінде сілтеме жасалған стандарттар тізбесін қамтиды. Сілтемелер тізімі мына сөздерден басталады: «Осы магистрлік жобада келесі стандарттарға сілтемелер пайдаланылды...». Тізімге стандарттардың белгілері мен атаулары олардың тіркеу нөмірлерінің өсу ретімен енгізіледі.

9.6 «Анықтамалар» құрылымдық элементі магистрлік жұмыста қолданылатын терминдерді нақтылау немесе белгілеу үшін қажетті анықтамаларды қамтиды. Анықтамалар тізімі мына сөздерден басталады: «Осы магистрлік жобада мынадай терминдер сәйкес анықтамаларымен қолданылады...».

9.7 «Белгілер мен қысқартулар» құрылымдық элементі магистрлік жобада қолданылатын белгілер мен қысқартулардың тізбесін қамтиды. Белгілер мен қысқартулар диссертация мәтінінде келтірілу ретімен, қажетті түсіндірмелермен және ашып көрсетумен жазылады. «Анықтамалар, белгілер мен қысқартулар» құрылымдық элементін біріктіріп беруге жол беріледі.

9.8 Кіріспеде көрсетілуі тиіс: зерттеу жұмысының өзектілігі мен қолданбалы сипаты, осы мәселе саласында жүргізілген эксперименттің негізгі аспектілері, зерттеудің мақсаты, объектісі мен пәні, міндеттері, әдіснамалық негізі және қорғауға шығарылатын практикалық ережелер.

9.9 Жобаның негізгі бөлімінде орындалған жұмыстың мазмұнын, әдістемесін және негізгі нәтижелерін бейнелейтін деректер беріледі.

9.10 Негізгі бөлім мынадай тармақтарды қамтуы тиіс:

9.10.1 зерттеу бағытын таңдау және оның негіздемесі, қойылған міндеттерді шешу әдістері және олардың салыстырмалы бағасы, жұмысты орындаудың жалпы әдістемесін сипаттау;

9.10.2 теориялық және/немесе эксперименттік зерттеу процесі, оның ішінде теориялық және практикалық зерттеулердің сипатын және мазмұнын анықтау, зерттеу әдістері, есептеу және талдау әдістері, эксперименттік жұмыстарды жүргізудің қажеттілігін негіздеу, әзірленген нысандардың жұмыс істеу қағидаттары, олардың сипаттамалары;

9.10.3 зерттеу нәтижелерін қорыту және бағалау, жұмыстың одан арғы бағыттары бойынша ұсыныстар, алынған нәтижелердің шынайылығын бағалау және оларды отандық және шетелдік жұмыстардың нәтижелерімен салыстыру.

9.11 Қорытындыда мыналар қамтылуы тиіс:

9.11.1 орындалған жоба нәтижелері бойынша қысқаша қорытындылар;

9.11.2 қойылған міндеттердің шешілу толықтығына баға беру;

9.11.3 алынған нәтижелерді нақты қолданбалы міндетті шешу үшін пайдалану мүмкіндігі.

9.12 Қосымшаларға магистрлік жобаны орындауға байланысты, бірақ негізгі бөлімге енгізуге мүмкіндігі жоқ материалдарды қосуға ұсынылады.

10. МАГИСТРЛІК ДИССЕРТАЦИЯНЫ РӘСІМДЕУГЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

10.1 Оформдау және форматтау стандарттары:

Ақ қағаз форматы – А4; бір жақты басып шығару; жоларалық интервал – бір реттік (құрылымдық элементтердің тақырыптары мен мәтін арасындағы интервал – екі реттік); қаріп – Times New Roman, көлемі 14 пт; өрістер өлшемі: сол жақ – 30 мм, жоғарғы – 20 мм, оң жақ – 10 мм, төменгі – 20 мм; абзацтық шегініс – 1,25 см.

10.2 Құрылымдық элементтерді рәсімдеуге қойылатын талаптар:

10.2.1 Мәтіндік құжаттың әр бөлімін жаңа беттен бастау ұсынылады.

10.2.2 Бөлімдер (тақырыптар) тақырыптары бас әріптен жазылады, қалың қаріппен немесе курсивпен бөлінбейді, соңында нүкте қойылмайды.

10.2.3 Ішкі бөлімдердің тақырыптарын абзацтық шегініспен бастап, бас әріптен жазу керек, соңында нүкте болмайды.

10.2.4 Тақырыптар мен ішкі тақырыптарда сөздерді бөлуге жол берілмейді. Егер тақырып/ішкі тақырып екі сөйлемнен тұрса, олар нүктемен бөлінеді.

10.2.5 Бөлімдер мен ішкі бөлімдер бір немесе бірнеше тармақтан тұруы мүмкін. Әр тармақ немесе қосымша тармақ абзацтық шегініспен басталады.

10.3 Нөмірлеуге қойылатын талаптар:

10.3.1 Барлық құрылымдық элементтер, беттер, иллюстрациялар және т.б. араб цифрларымен нөмірленеді.

10.3.2 Беттерді нөмірлеу: үздіксіз нөмірлеу, бет төмен ортасында. Титулдық бетті жалпы нөмірлеуге қосады, бірақ нөмірлемейді.

10.3.3 Бөлімдер мен ішкі бөлімдер нөмірсіз нүктесіз белгіленеді. Ішкі бөлімдер әр бөлім шеңберінде нөмірленеді. Ішкі бөлім нөмірі бөлім және ішкі бөлім нөмірлерінен тұрады, нүктемен бөлінеді.

10.3.4 Иллюстрациялар, кестелер, формулалар және т.б. бүкіл жұмыстың шеңберінде үздіксіз нөмірленеді. Формулалар және теңдеулер дөңгелек жақшаларда нөмірленеді.

10.3.5 Қолданылған әдебиеттерге сілтемелер мәтінде қолданылу ретімен квадрат жақшамен көрсетіледі, әдебиет тізіміндегі нөмірі мен беті көрсетіледі.

10.3.6 Иллюстрациялар (графиктер, схемалар, фотосуреттер) мәтінде оларға сілтеме жасалғаннан кейін орналастырылады.

10.3 Иллюстрациялар «Сурет 1 - суреттің атауы» деп белгіленеді, бұл мәтіннің астында түсіндірмеден кейін жазылады. Мәтінде әр иллюстрацияға сілтеме міндетті.

10.4 Сандық материал кесте түрінде рәсімделеді.

Кестенің атауы кестенің үстіне сол жақтан, абзацтық шегініссіз, нөмірімен бірге бір жолға жазылады: «Кесте 1 – Кестенің атауы».

10.5 Формулалар мен теңдеулер мәтіннен жеке жолда жазылады. Формуланың үсті мен астында кемінде бір бос жол қалдырылады.

10.6 Иллюстрациялық материалдардың (суреттер, графиктер, кестелер) жалпы көлемі жұмыстың 30%-дан аспауы тиіс.

10.7 Әр қосымшаны жаңа беттен бастау керек, бет ортасында «Қосымша» сөзі және оның белгісі көрсетіледі.

Қосымша тақырыбы мәтінге симметриялы етіп, бас әріптен жеке жолға жазылады. Қосымшалар латын әріптерімен белгіленеді.

10.8 Диссертацияның бет нөмірлеуі:

Беттер араб цифрларымен, барлық мәтін бойынша үздіксіз нөмірленуі тиіс. Бет нөмірі бет төмен ортасында қойылады, соңында нүкте болмайды. Титулдық бет жалпы нөмірлеуге қосылады, бірақ бет нөмірі қойылмайды. Жеке парақтағы иллюстрациялар мен кестелер жалпы нөмірлеуге қосылады. А3 форматындағы парақтағы иллюстрациялар мен кестелер бір бет ретінде есептеледі.

10.9 Тараулар мен параграфтарды нөмірлеу

Магистрлік диссертация бөлімдері барлық жұмыс шеңберінде араб цифрларымен, нүктесіз және абзацтық шегініспен нөмірленуі тиіс. Параграфтар әр тарау шеңберінде нөмірленеді. Параграф нөмірі тарау нөмірі мен параграф нөмірінен тұрады, нүктемен бөлінеді. Параграф нөмірінің соңында нүкте қойылмайды.

Мысал:

Типтері және негізгі өлшемдері

1.1

1.2 > Магистрлік диссертацияның бірінші тарау тармақтарын нөмірлеу

1.3

Техникалық талаптар

2.1

2.2 > Екінші тарау тармақтарын нөмірлеу

3 Сынау әдістері

3.1 Құрылғылар, материалдар және реагенттер

Сынауға дайындық

Параграфтар ішінде тізімдер келтірілуі мүмкін. Әр тізім алдында сызықша немесе қажет болған жағдайда мәтінде сілтеме жасау үшін әріп қойылады (– «з», «и», «о», «ч», «ь», «ы», «ъ» әріптері қолданылмайды), кейін жақша қойылады. Тізімдерді одан әрі бөлшектеу үшін араб цифрлары қолданылады, олардан кейін жақша қойылып, абзацтық шегініспен жазылады.

Мысал:

а) _____

б) _____

1) _____

2) _____

в) _____

Диссертацияның әр құрылымдық элементін жаңа беттен бастау керек. Магистрлік диссертация мен қосымшалардың бет нөмірлеуі үздіксіз болуы тиіс.

10.10 Иллюстрациялық материалдар және кестелер
Магистрлік диссертацияның міндетті бөлімі – А1 форматындағы парақтарда кестелерді орындау. А1 форматындағы парақтар орнына тарату материалдарын қолдануға рұқсат етіледі, олар А4 форматында басылып, Мемлекеттік аттестациялық комиссияның әр мүшесіне таратылады.

«Кесте», «Сурет», «Қосымша» сөздері тарату парақтарында қолданылмайды. Тақырып бет жоғарғы жағында орналастырылады. Тақырыптардағы сөздердің бөлінуіне жол берілмейді. Иллюстрациялар (сызбалар, карталар, графиктер, схемалар, диаграммалар, фотосуреттер) мәтінде алғаш айтылғаннан кейін немесе келесі бетте орналастырылады. Иллюстрациялар компьютерде орындалуы мүмкін, оның ішінде түсті нұсқалары да бар. Барлық иллюстрацияларға сілтеме беруге міндетті.

Чертеждер, графиктер, диаграммалар, схемаларды компьютерде басып шығару арқылы орындауға рұқсат етіледі. А4 форматынан кіші фотосуреттер ақ қағаз парақтарға жапсырылады. Қосымшалардағы иллюстрациялардан басқа барлық иллюстрациялар араб цифрлары арқылы үздіксіз нөмірленеді.

Егер сурет біреу болса, ол «Сурет 1» деп белгіленеді. «Сурет» сөзі мен атауы сурет астында жол ортасында орналастырылады. Иллюстрацияларды тарау шеңберінде нөмірлеуге болады, онда иллюстрация нөмірі – тарау нөмірі мен иллюстрацияның реттік нөмірінен тұрады, нүктемен бөлінеді (мысалы: Сурет 1.1). Иллюстрацияларға қажет болса атау және түсіндірме мәтін беріледі.

Қосымшалардағы әр иллюстрация араб цифрлары бойынша жеке нөмірленеді, цифр алдында қосымшаның белгісі көрсетіледі (мысалы: Сурет А.3). Сілтемелерде «... Сурет 2 сәйкес» деп жазылады. Сурет пен мәтін арасындағы қашықтық кемінде бір бос жол болуы тиіс.

Кестелер көрнекілік және салыстыру үшін қолданылады. Кестенің атауы оның мазмұнын нақты және қысқа көрсетуі керек. Атауы кесте үстіне сол жақтан, абзацтық шегініссіз, нөмірімен бірге бір жолға жазылады. Кестенің бір бөлігі басқа бетке өткенде,

атауы бірінші бөліктің үстіне ғана қойылады. Кестенің шектейтін төменгі сызығы жүргізілмейді.

Кесте мәтінде алғаш айтылғаннан кейін немесе келесі бетте орналастырылады. Барлық кестелерге сілтеме берілуі тиіс. Көп жолды кестелер басқа бетке ауыстырылуы мүмкін. Бұл жағдайда «Кесте» сөзі мен нөмірі бірінші бөліктің үстіне бір рет қойылады, қалған бөліктерде «Жалғасы» деп жазылады (мысалы: «Кесте 1 – Жалғасы»).

Сандық материал, әдетте, кестелерде рәсімделеді. Кесте мен мәтін арасындағы қашықтық кемінде екі бос жол болуы керек. Кестелер, қосымшалардағы кестелерден басқа, араб цифрларымен үздіксіз нөмірленеді. Қосымшалардағы кестелер жеке нөмірленеді, цифр алдында қосымшаның белгісі көрсетіледі.

Егер құжатта бір кесте болса, ол «Кесте 1» немесе қосымшада болса «Кесте В.1» деп белгіленеді.

10.11 Ескерту

«Ескерту» сөзі абзацтан бастап бас әріппен жазылады, астын сызбау керек. Ескертулер мәтін, кесте немесе графикалық материал мазмұнына түсініктеме беру үшін көрсетіледі. Ескертулер талаптардан тұра алмайды. Олар мәтін немесе кестеден кейін орналастырылады. Бір ескерту болса, «Ескерту –» деп жазылып, бас әріппен басталады. Бірнеше ескертулер араб цифрлары бойынша нөмірленеді, нүктесіз. Кестеге ескерту кестенің соңында, шекті сызық үстінде орналастырылады.

Мысал:

Ескерту – Қосалқы жазуларды баспаңыз.

10.12 Формулалар және теңдеулер

Формулалар мәтіннен жеке жолда жазылады. Әр формула немесе теңдеудің үсті мен астында кемінде бір бос жол қалдырылады. Егер формула бір жолға сыймаса, ол теңдік (=) немесе математикалық операция белгілерінен кейін жаңа жолға ауыстырылады, операция белгісі жаңа жолда қайталанады (көбейту × үшін × белгісі қолданылады). Символдар мен коэффициенттердің мәндері формула астында сол ретпен жазылады.

Формулаларды араб цифрлары арқылы дөңгелек жақшаларда үздіксіз нөмірлеу қажет (оң жақта).

Мысал:

$$A=a:b; \quad (1)$$

$$B=c:e. \quad (2)$$

Қосымшалардағы формулалар әр қосымша шеңберінде жеке нөмірленеді, цифр алдында қосымшаның белгісі көрсетіледі (мысалы: формула (В.1)).

Мәтінде формулаларға сілтеме жақшада беріледі (мысалы: формула (1)). Математикалық теңдеулер формулалар сияқты рәсімделеді. Рұқсат етілген тәсіл – формулаларды қолмен қара сиямен жазу.

10.13 Сілтемелер:

Магистрлік диссертацияда стандарттарға, техникалық шарттарға және басқа құжаттарға сілтеме жасауға рұқсат етіледі, егер олар талаптарды толық және нақты анықтаса, және қолдануда қиындық туғызбаса.

Сілтеме құжатқа немесе оның тарауларына, қосымшаларына жасалады. Стандарттар мен техникалық шарттарға сілтеме жасау кезінде тек белгісі көрсетіледі, бекіту жылы міндетті емес, егер стандарт толық сипатталған болса. Пайдаланылған әдебиеттерге сілтемелер квадрат жақшамен беріледі. Бір дереккөзге бірнеше рет сілтеме жасаған жағдайда, жақшада дереккөз нөмірінен кейін үтір арқылы беті көрсетіледі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі мәтінде сілтемелер жасалған ретпен араб цифрларымен, нүктесіз нөмірленеді, абзацтық шегініспен басылады. Тізім ГОСТ 7.1-2003 бойынша рәсімделеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімінің рәсімдеу мысалы Л қосымшасында келтірілген.

10.14 Қосымшалар:

Қосымшалар магистрлік диссертацияның жалғасы ретінде немесе бөлек құжат түрінде рәсімделеді. Мәтінде барлық қосымшаларға сілтеме беріледі, қосымшалар мәтіндегі сілтеме реті бойынша орналастырылады.

Әдебиеттер тізімінен кейін жаңа бетте ортасында «Қосымшалар» сөзі көрсетіледі. Әр қосымшаны жаңа беттен бастау қажет, үстіңгі ортасында «Қосымша» сөзі жазылады. Қосымша тақырыбы мәтінге симметриялы, бас әріппен жеке жолда жазылады. Қосымшаларды орыс алфавитінің бас әріптерімен белгілеу керек, А әріпінен бастап (Е, З, Й, О, Ч, Ы, Ъ әріптері қолданылмайды). Қосымшаның реттік нөмірін көрсету үшін «Қосымша» сөзінен кейін әріп қойылады. Егер орыс алфавиті толық қолданылса, латин алфавиті де пайдалануға рұқсат, бірақ І, О әріптері мен араб цифрлары қолданылмайды.

11. МАГИСТРЛІК ДИССЕРТАЦИЯНЫ ҚОРҒАУҒА ҰСЫНУ ТӘРТІБІ

11.1 Магистрлік диссертация/жоба белгіленген талаптарға сәйкес рәсімделіп, қорғалу күтілетін күннен кемінде бір ай бұрын шығаратын кафедраға берілуі тиіс. Бұл алдын ала қорғау рәсімінен өту және ғылыми жетекшінің пікірі алу үшін қажет.

